

КМКК №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы

Білім беру саласы: «Таным»
Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Жаратылыстану»
Тақырыбы: «Туған жер, ауыл, қала»



«Құлыншак» ересек тобы

Тәрбиеші: Гимранова.С.

2022 оқу жылы

Бекітемін:

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Жаратылыстану»

Тақырыбы: «Туған жер, ауыл, қала»

Мақсаты:

Білімділігі: Балаларды туған жерін сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге.

Дамытушылығы: Қала және ауыл туралы түсінік беру. Баланың ой – өрісін дамыту.

Тәрбиелілігі: Елін, жерін, туған қаласын сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: АКТ, суреттер, ойынның құралдары, персонаж кіруі.

Сәлеметсіңдерме балалар!

Шаттық шеңбері:

Туған жерім кең байтақ,

Жайнаған сансыз қаласы.

Жайқалған жомарт ауылы.

Отанның біздер баласы.

Сұрақ-жауап:

Тәрбиеші: Балаларлар айтыңдаршы біздер қай мемлекетте тұрамыз?

(Қазақстан республикасы)

Балалар сендер қай тілде сөйлейсіңдер? (Қазақ тілі)

Біздің туған жеріміз қай жер? (Қазақстан)

Дұрыс айтасыңдар балалар біздің Отанымыз Қазақстан. Біздің туған жеріміз кең байтақ, жазық даласы бар, өзен-көлдері, үлкен-үлкен таулары бар. Әркімнің туып өскен ауылы немесе қаласы болады. Біз оны туған жер, атамекен дейміз.

Балалар, айтыңдаршы біз қай ауылда тұрамыз? (Бірлік ауылында тұрамыз)

Біздің ауылымызда не бар? (Біздің ауылымызда кең жазық даласы бар, таулары бар, киіз үй бар)

Біздер тамақты қайда пісіреміз? (Біздер тамақты қазандыққа пісіреміз)

Ал, ата-аналарымыз немен айналысады? (Біздің әкелеріміз мал бағумен айналысады, ал аналарымыз болса үй тіршілігінде сиыр сауады, қаймақ, айран жасайды)

Жарайсыңдар балалар!

Тосын сәт: (Ауылға қаладан қонақ келеді)

Қонақ: Сәлеметсіңдерме балалар! Мен қаладан сендердің ауылдарыңа келіп қалдым.

Ауылдарың неткен табиғаты әдемі, кең жазық даласы бар екен. Неткен Ғажап таулары бар, ауасы да, сулары да тап – таза. Балалар мен мұндай табиғаты әдемі ауылды бірінші рет көріп тұрмын.

Тәрбиеші: Қала қонағы қош келдіңіз. Ия біздің ауылымыз көріп тұрғаныңыздай ауасы да кең жазық даласыда, адамдары да өте жақсы. Келіңіз бізге қонақ болыңыз.

Сіз бізге қала туралы айтып бересізбе, біздің балаларымыз қалада болып көрмеген.

Қаланың қандай екенін білмейді.

Қонақ: Балалар, мен тұратын қалада көптеген зәулім-зәулім әдемі ғимараттар бар.

Олардың бірі: Көп қабатты үйлер, әдемі жасыл саябақтар, мұражайлар, атракциондар, цирк, зообақтар т.б. көптеген әдемі жерлер бар. Бірақта балалар біздің қаламыз әдемі болғанымен, көптеген өнеркәсіпшен көліктердің болуына байланысты ауамыз ластануда.

Өйткені олардан зиянды газдар бөлінеді. Сондықтан біздер, жыл сайын қаламызды талдар егіп ауаны тазарту үшін көгалдандырып отырамыз.

Тәрбиеші: Міне балалар, көрдіңдер ме ауыл мен қаланың айырмашылығы осындай екен. Біз өзіміздің ауылымызды мақтан етуіміз керек. Табиғаты әдемі, ауасы таза, мөлдір бұлақтары бар, жайылып жүрген малдары бар.

Тақпақ

Туған қалам сеннен қуат аламыз

Қияға қанат қағамыз

Елге шырақ жағамыз

Өзіңнен бақыт табамыз. (Айару)

Менің туған ауылым,

Туған жерім, мекенім.

Өскен жерім Шоқаным,

Жарқырасын жұлдызың. (Мадина)

Биік биік таулары бар

Жасыл желек баулары бар

Неткен сұлу, неткен көркем

Осы менің туған жерім (Еркеназ)

Туған жер алтын бесігім

Тербеттің мені төсінде

Жүреді сенің есімің

Мәңгі де бақи есімде (Арайлым)

Қонақ: Ендеше балалар, мен сендермен ойын ойнағым келіп отыр.

Дидактикалық ойын: «Кім біледі?»

Шарты: Ауыл мен қала айырмашылықтарын салыстырып, жолдармен өту арқылы, өз орындарын тауып қойып шығу.

Сергіту сәті:

Қорытынды:

Балалар, бүгінгі оқу қызметімізде нелер жайында айттық?

Ауыл мен қаланың қандай айырмашылықтары бар?

Балаларды мадақтау.